

Сыни тұрғысынан оқуға
үйрету



Н.Ә Назарбаев: « Біздің міндет - жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалана отырып, білім мен бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу»



Сыни ойлау – жаңартылған бағдарламаның жеті модулінің бірі.

- Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ –ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу. Жаңа білім беру бағдарламасы сыни тұрғыдан ойлауға, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) үйретеді.



Сыни ойлау дегеніміз не?

- Бұл ойлаудың толассыз түрі. Философ Джон Дьюидің айтуынша, «Ойлау тығырыққа тіреліп, таңдау жасау керек кезде басталады», яғни, біріншіден, адамның алдында бір мәселе яки жаңа ақпарат болған кезде және, екіншіден, ол мәселені шешіп, жаңа ақпаратты түсіну қажет болғанда сыни ойлауды қолданады. Кісі көптеген шешімдерді сараптап, ойларды ой елегінен өткізгенде, өз құндылықтары мен түсініктеріне сүйеніп, салғастырады. Осы кезде адам шешімді жан-жақты қарастырып, оңы мен солын ажыратады. Осындай ойлауды сыни ойлау деп атайды. *Оның негізгі ерекшелігі – дербестігінде.* Яғни, сыни ойлау кезінде адамның өзіндік түсінігі қалыптасуы тиіс.



- Сын тұрғысында ойлау әдісі мұғалім қызметінде ұйымдастыра оқыту, оқушылардың жеке топпен жұмыс жасау негізінде білім алуымен ұштасады. Бұл стратегия оқушының жекелеген мүмкіндіктері мен қабілеттерін ашуға бағытталады. Бұл әдістің ерекшелігі оқу әдісінде қолданылады. Яғни оқушылардың ауызша және жазбаша тілін, ойлау, есте сақтау қабілетін, әрбір ақпаратқа, сонымен бірге өзінің және басқаның шығармашылығына сыни қарауына, шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталады.



1.

Сын тұрғысынан ойлауды тудыру үшін уақыт беру арқылы мүмкіндік жасау

2. Оқушыларға ойлануға рұхсат беру.

3.

Оқушылардың әр түрлі идеялары мен пікірлерін тыңдау.

4. Үйренудегі оқушылардың белсенді іс-әрекетін қолдау.

5. Сенімділік

Сыни ойлау мынандай жағдайларда керек:

- Кез келген мәселе немесе ақпаратпен жұмыс жасағанда
- Осы мәселе яки ақпарат туралы дербес пікір қалыптастырғанда
- Өз пікірін тұжырымдап, дәлелдеу кезінде
- Осы мәселені немесе ақпаратты жан-жақты тұрғыдан қарастырғанда
- Топта, жұпта жұмыс жасағанда
- Өзгелердің пікірін бағалап, қабылдағанда



Сыни ойлаудың 3
деңгейі

Бастапқы деңгей

Орта деңгей

Жоғары деңгей

Сыни ойлауды үйретудің технологиясы

- **Қызығушылықты ояту.** Сабақ қарастырылғалы тұрған мәселе жайлы білім алушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы кезеңге қызмет ететін «Топтау», «Түртіп алу», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау», «Әлемді шарлау» т.б. деген аттары бар әдістер (стратегиялар) жинақталған. Қызығушылықты ояту кезеңінің екінші мақсаты – білім алушының белсенділігін арттыру.
- **Мағынаны тану** (түсіне білу). Бұл кезеңде білім алушы жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады.
- **Ой-толғаныс** – бұл кезеңде күнделікті оқыту процесінде білім алушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарап, баға беруге үйретеді. Білім алушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда білім алушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әр түрлі кестесін біліп үйренеді. «Бес жолды өлең», «Венн диаграммасы», «Еркін жазу», «Семантикалық карта», «Т кестесі» сияқты стратегиялар лайықтала қолданылады.



«Жуан» және «жіңішке» сұрақтар кестесі

- Неліктен, үш түсінік бер.....?
- Неліктен, түсіндір?
- Неліктен, сіз солай ойлайсыз.....?
- Неліктен, сіз солай ойлайсыз.....?
- Қандай айырмашылығы бар.....?
- Не боларын, болжап көр.....?
- Әйтпесе, не?
- Кім?
- Не...?
- Қашан...?
- Мүмкін...?
- Болар...?
- Алар ме еді....?
- Қалай аталады....?
- Болды ма....?
- Сіз келісер ме, едіңіз....?
- Дұрыс па...



Блум түймедағы



- **Қарапайым сұрақтар**— Бұл сұрақтарға жауап берген кезде нақты фактілерді атау керек, мәтіннен белгілі бір мәліметті еске түсіріп, оны айтып беру керек.
- **Дәлелдеуші сұрақтар**— «Егер мен дұрыс түсінсем, онда ...?»
- **Интерпретациялық (түсіндірме) сұрақтар**— Әдетте неге? деген сөзден басталады.
- **Бағалау сұрақтары**- Неге ... жақсы, ал ... жаман?»
- **Шығармашылық сұрақтар (жорамал)**- «Қалай ойлайсыздар, ... кейін (егер) ... қалай болады?»
- **Практикалық сұрақтар**—Сұрақ теория мен тәжірибе арасындағы өзара байланысты анықтауға бағытталған.

Синквейн немесе бес жолдық

өлең

- 5 жолды өлең
- 1 қатарға-тақырыпты бір сөзбен жазу (зат есім)
- 2 қатарға-тақырыпты 2 сөзбен жазу (екі сын есім)
- 3 қатарға-3 сөзбен жазылады (етістік)
- 4 қатарға-4 сөзбен жазылады, тақырыпқа жақын сөзбен (сөз тіркесі)
- 5 қатар-тақырыпқа қатысты синоним.
- Теңдеу
- қарапайым, күрделі
- шығарады, табады, қосады
- (белгісіз сан арқылы шығарылады)
- Өрнек



- Сыни ойлауды дамытудың тағы да басқа технологиялары көп. Мысалға, кластерлер, кестелер, тірек сызбалар, «болжағыш ағаш», Донна Огл кестесі (БББ), концептуалды кесте, сюжетті кесте, «Инсерт», миға шабуыл, карусель, тоқтатып оқу, т.б. Әрине, осылардың барлығын дұрыс интеграциялау үшін сабақтың қиындығына және тақырыбына көңіл жұмсау қажет.
- Дұрыс технологиялар арқылы сыни тұрғысынан дамыған оқушыларды тәрбиелеуге болады.



Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- https://ust.kz/word/jangartylgan_bilim_bery_mazmuny_boiynsa_oqyty_urdisindegi_ja_nga_adis_tasilder_bayandama-56643.html
- <https://qwizz.ru/технология-развития-критического-мы/>
- <https://www.tarbie.kz/24989>
- <https://infourok.ru/sini-tridan-oylau-tehnologiyasi-998494.html>
- <https://lektcii.org/11-63768.html>

